

Сөзіммен халқым амал қылсын десең, амал қыл өз сөзіңмен әуел өзің!

Мәшһүр Жүсіп

Баянауыл аудандық қоғамдық-саяси газеті

Баянтау



Газет 1931 жылғы
4 қыркүйектен шыға
бастады

№45 (11510) 13 қараша, 2025 жыл

АПТА АЙШЫҒЫ

БАЯНАУЛАДА ҚҰСБЕГІЛЕРДІҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИРИ ӨТТІ



3-6 қараша күндері
Баянаулаға жер-жерден
құсбегілер жиналды. Себебі,
Қаражар ауылының
маңында әйгілі бүркітші,
КСРО «Аңшылық өнерінің
үздігі» Мәуия Әбікеевтің
125 жылдығына арналған
республикалық құсбегілік
турнирі өтті.

Жалпы, Мәуия Әбікейұлы – XX ғасырдың алғашқы жартысында қазақтың кәсіби құсбегілік өнерін дамытып, кейінгі ұрпаққа мирас еткен бірегей тұлға. Ол 1900 жылы Баянауыл ауданының Жарылғап ауылында дүниеге келген. Бала кезінен қыран баптап, тазы жүгірткен. Ол 1930 жылдардағы ашаршылық кезінде аңшылық бригадалар құрамында елдің азық-түлік қорын толықтыруға үлес қосқан. Ұлы Отан соғысы жылдары жылқы зауытында еңбек етіп, майданға ат дайындаған. 1957 жылы Мәуия Әбікейұлына «Аңшылық кәсіптің үздігі» атағы беріліп, есімі алтын әріппен ел жадында қалды. 1972 жылы ол «Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері» көрмесінің алтын медалімен марапатталды. Сонымен қатар, әйгілі режиссер Шөкен Аймановтың «Найзатастың етегінде» фильмінде қария құсбегі бейнесін сомдап, өнері арқылы қазақ саятшылығын экранда бейнеледі.

(Жалғасы 2-бетте)

«Баянтауға» жазылуды ұмытпаңыз!

Қадірлі оқырман, «Баянтау» газеті ғасырға жуық уақыт бойы баянауылдықтармен бірге жасап келеді. Егер туған өлкеңіздің газеті сізбен бірге, Баянауламен бірге болсын десеңіз, қолдау көрсетіңіз! Сіздің қолдауыңыз – газетке жазылу.

Газетіміздің 2026 жылға жазылу бағасында да, жазылу жүйесінде де еш өзгеріс жоқ. Яғни, өткен жылдағыдай 1 жылдық жазылу құны: жеке тұлғалар үшін – 3500 теңге, заңды тұлғалар үшін – 7500 теңге.

Газетке 8-702-179-10-87 нөміріндегі «Каспи» және «Халық банкі» арқылы басылымның ақысын төлеп, қосымшасына мекен-жайын жазып, WhatsApp нөмірін қалдырса болды. Жазылушыға мамандар WhatsApp желісі арқылы газетке жазылғанын растайтын түбіртек жолдайды.

Қорыта айтқанда, жазылу басталды, аудан айнасына алғашқы болып жазылуды ұмытпайық! Рухани азық үлкенімізге де, кішімізге де керекті есімізде болсын!

Құрметпен, «Баянтау» редакциясы

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН -
3500 ТЕҢГЕ

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН -
7500 ТЕҢГЕ

Баянауыл ауылы,
Сәтбаев көшесі, 49-үй,
Тел: 8-702-179-10-87



АПТА АЙШЫҒЫ

БАЯНАУЛАДА ҚҰСБЕГІЛЕРДІҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИРИ ӨТТІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Турнир басталған күні Қаражардың аспанында қыран қалықтап, ақ ұлпа қар жапалақтап тұрды. Үлкен додаға орай табиғат-ана сый қылған сынды. Ақ қар, томағалы қыран, топталған құсбегі. Аң мен құстың арпалысынан қызық күткен халық. Томағалы қырандар тау ішінен қағушының айғайын күтіп отырғандай. Алайда ол айқайды естіп, еркін көсілмесі анық еді. Өйткені, бұл – көпшілікке арналған қойылым есебіндегі құсбегілер тойы немесе сайысы.

Іс-шара ҚР Спорт және туризм министрлігінің, «Құсбегілік» ұлттық қауымдастығының және облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының қолдауымен өтті. Турнирді облыстық мәслихат және өңірдің қала және аудан мәслихаттары бірлесіп ұйымдастырды. Турнирдің ашылу салтанатында Баянауыл ауданы әкімінің орынбасары Еркін Арыстанбеков, Павлодар облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының

орынбасары Қайрат Ахметжанов, сондай-ақ республикалық «Құсбегілік» федерациясының вице-президенті, журналист Бағдат Мүптекеқызы мен ҚР Туризм және спорт министрлігі спорт комитетінің мемлекеттік жаттықтырушысы Базарбек Күнтуған сөз сөйлеп, ұлттық өнердің ұрпақ жадында сақталуының маңызын атап өтті. Турнир барысында бүркіт, қаршыға, ителгі және тазы жарыстарында қатысушылар өз шеберліктерін сынға салды.

Үш күнге созылған республикалық турнир өз мәресіне жетіп, жеңімпаздар анықталды. Бүркіт салудан бірінші орынды Жамбыл облысының қатысушысы Берікболсын Бабажан иеленсе, екінші орын Ақмола облысының қатысушысы Бергенбай Тастанбекке бұйырды. Қос үшінші орындарды Қарағанды облысының қатысушысы Жандәулет Қазбек пен Алматы қаласының қатысушысы Аяжан Даниярқызы өзара бөлісті. Қаршыға салудан бірінші орынды Жамбыл облысының қатысушысы Серікболсын Жалғасұлы иеленсе,



екінші орын Алматы қаласының қатысушысы Айсұлу Бекниязоваға бұйырды. Үшінші орындарды Астана қаласының қатысушысы Ерасыл Серікбекұлы мен Алматы қаласының қатысушысы Жандос Сұлтанғазы еншіледі. Ителгі салудан бірінші орын Ақмола облысының қатысушысы Ерлан Кенжетәевқа бұйырса, екінші орынды Қарағанды облысының қатысушысы Таңат Оспанқұлов иеленді. Үшінші орындарды жерлесіміз Ермек Иманзайып пен Алматы қаласының қатысушысы Әйгерім Тұрсын өзара бөлісті. Арлан тазылар жарысында бірінші орынды Майқайың кентінің қатысушысы Бауыржан Тілеубергеновтің «Тұйғын» атты иті жеңіп алды. Екінші орын Бекзат Қабдынасырдың «Арланына» бұйырды. Үшінші орынды баянауылдық Ерасыл Шегебаевтың «Ақ

қояны» иеленді. Қаншық тазылар жарысында бірінші орын Қарабай ауылынан Секенай Шалқарбаевтың «Көкси» атты итіне бұйырды. Екінші орынды Нұрбол Қайкеннің «Сары қызы» иеленді. Үшінші орынды Майқайыңнан Бауыржан Серіковтің «Уақыт жоқ» атты иті еншіледі.

Бабадан жеткен өнер – ұлттың рухани қазынасы. Құсбегілік – тек спорт емес, ол ерлік пен еркіндіктің, табиғатпен үндес өмірдің көрінісі. Мәуия Әбікейұлының өнегелі өмірі мен еңбегі осы дәстүрдің ұлт жадында қайта жаңғырып, жас ұрпаққа үлгі боларына сенім мол. Баянауыл аспанында қайта қалықтаған қырандар үнінде ұлт рухының жаңғырығы бар.

Гүлден ТАХАН

МЕКТЕП

КӨҢІЛДІ ҮЗІЛІС

Кітап – адамның білім алуына, ой-өрісін кеңейтуге көмектесетін ең сенімді дос. Ол – адамзаттың ғасырлар бойы жинаған білімі мен тәжірибесінің қазынасы. Мектеп кітапханасында үзіліс уақытын тиімді әрі қызықты өткізу мақсатында 4-6 сынып оқушылары арасында «Мықты болсаң, тауып көр!» атты көңілді кітап ойыны өткізілді.



Ойынның басты мақсаты – оқушыларды кітапты сүйе білуге, кітап арқылы ойлануға, жылдам шешім қабылдауға және тіл байлығын дамытуға баулу. Сонымен қатар, үзіліс кезінде көңіл көтеріп, демалып қана қоймай, ой-өрісімізді кеңейтіп, қиялымызды ұштауға мүмкіндік алдық.

Іс-шара өте қызықты өтті. Әр қатысушы өз білімін, тапқырлығын, жылдамдығын көрсетті. Осындай ойындар арқылы

біз кітапқа деген қызығушылығымызды арттырып, жаңа достар таптық.

Кітап – біздің ең сенімді серігіміз. Күн сайын бір жаңа кітап парағын ашу – өзімізді дамыту жолындағы тағы бір қадам деп білемін.

Нұрай Зейнұлла,
академик Қаныш Сәтбаев мектебінің
6-сынып оқушысы,
«Ақпарат» фракциясының мүшесі



МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Жылыту маусымы іті назарда

Қылышын сүйретіп келетін қыстың қамын жаздан бастап ойлап, ерте қамданудың маңызы зор. Расында да, ертерек қамданып, отын-суын алдын ала дайындап алғандардың қобалжуға жөні жоқ. Ал, салғырттық танытып, арқаны кеңге салған жандар қапыда қалары анық. Иә, «Қамдансаң қапыда қалмассың» демекші, ауданымыздың жылыту маусымына дайындығы қандай деңгейде? Жылыту қазандықтары мен жылу жүйелерінің жай-күйі көңіл көншіте ме? Көмір бағасы қанша? Бағасы шарықтап кеткен жоқ па? Жылыту маусымы кезіндегі қауіпсіздік мәселелері қаншалықты бақылауда? Осы сауалдарға жауап іздеп, тиісті мекемелерге хабарласқан едік.

«Баянауыл ауданы экономикалық нақты секторы» ММ-нің сектор меңгерушісі Закария Әбіловтің дайындап берген бір парақ қағазындағы мәліметке сүйенсек, ауданда 2025-2026 жылдардағы жылыту маусымына дайындық жұмыстары жоспарлы түрде жүргізілуде. Көмірді жеткізу бойынша конкурстық рәсімдер аяқталып, келісімшарттар толық жасалған. Ауданның бюджеттік ұйымдарына қажетті көмір – 17 702 тонна. Оның ішінде, мәдениет нысандарына – 2 665 тонна, денсаулық сақтау саласына – 1 600 тонна, білім беру нысандарына – 12 771 тонна, ауылдық округ әкімдіктеріне – 666 тонна. Аудан халқына көмірдің қажеттілігі шамамен 33 929 тоннаны құрайды. Жалпы алғанда, Баянауыл ауданында көмірге сұраныс 71 631 тонна болса, бүгінгі күнге дейін оның 44 167 тоннасы (61,7%) жеткізілген. Оның ішінде, бюджеттік ұйымдар – 7 958 тонна (45%), орталықтандырылған қазандықтар – 5 809 тонна (29%), тұрғындар 30 400 тонна (89,6%) көмірмен қамтамасыз етілді. Қатты отынды жеткізу жұмыстарын «Торговый Дом Гамма», «Жоба-Құрылыс компаниясы Қараарша», «NURAIMED» және



«Камила Авто» мердігерлік ұйымдар жүзеге асыруда.

Жалпы біздің білуімізше, ауданда әлеуметтік салада отыздан астам қазандық жұмыс істейді. Оның ішінде мәдениет саласы бойынша – 8 қазандық, денсаулық саласында – 3, білім саласына қатысты 22 қазандық және Баянауыл ауылдық округ әкімдігінің қазандығы. Сонымен қатар, биыл білім беру саласы бойынша Егіндібұлақ ауылындағы жалпы білім беретін мектепке және Ш.Айманов атындағы мектеп-интернатқа КВР-350 және КВР-900 маркалы төрт жаңа қазандық сатып алынып, орнатылды. Ал қатты отын бағасына келсек, бүгінгі таңда Майкөбе көмірінің тоннасы 20 мың теңге шамасында сатылуда. Жеке сатушылар көмірді әртүрлі бағада саудалауда. Мәселен, Сарыкөл көмірін ЗИЛ көлігімен алсаңыз 95 мың теңге, ал Майкөбе көмірін 120 мың теңгеге сатып аласыз. Ауыл тұрғындары жылыту маусымында орта есеппен 6-9 тонна көмір пайдаланады.

**Азамат Қожайбердиев,
Баянауыл аудандық төтенше
жайғдайлар бөлімінің бастығы:**

– Тұрғындардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында Баянауыл аудандық төтенше жағдайлар бөлімі тарапынан кең көлемді профилактикалық жұмыстар атқарылып келеді. Бөлімнің деректері бойынша, ағымдағы жылдың тоғыз айындағы көрсеткішке қарасақ, аудан аумағында 26 өрт оқиғасы тіркелген. Оның ішінде 11-і – орман өрті, 8-і тұрғын үйлерде, сондай-ақ демалыс үйлерінде, автокөліктер мен өндірістік

нысандарда орын алған. Өрттердің басым бөлігі электр желілерін пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтамаудан туындайды. Бұдан бөлек, жылыту құралдары мен пештерді дұрыс қолданбау, отпен абайсыз жұмыс істеу, найзағайдың әсері секілді жағдайлар да себеп болған. Сәуір айынан бері өрт қаупі кезеңінде 54 әкімшілік іс қозғалып, 12 азаматқа 707 760 теңге көлемінде айыппұл салынды. Аудан бойынша 9 өрт сөндіру бекеті жұмыс істейді. Олардың қызметкерлері әр апта сайын ауыл-аймақтарды аралап, тұрғындарға қауіпсіздік ережелерін түсіндіріп, арнайы жадынамалар мен ұнпарақтар таратылуда. Қазіргі таңда 1115 үйге барып, 3551 адам қамтылған. Сонымен қатар, 162 әлеуметтік осал топтағы отбасының (көпбалалы, мүмкіндігі шектеулі және әлеуметтік көмек алушылардың) үйлерінде пеш пен түтін шығару жүйесінің жағдайы тексерілді. Жылу маусымы жауапкершілік жүгін еселей түсетіні анық. Жергілікті төтенше жағдайлар қызметі тұрғындарға жылыту маусымындағы қауіпсіздік шараларын үнемі ескертіп келеді. Әр жұма, сенбі және жексенбі күндері қызметкерлер елді мекендерді аралап, үй-үйді аралау жұмыстарын жалғастыруда. Жылыту маусымы басталған сәттен-ақ аудандағы бірқатар үйлерге 42 улы газ датчигі орнатылды. Аталған шаралар жергілікті атқарушы органдар мен «Аманат» партиясының қолдауымен жүзеге асырылды. Ақпараттық бағытта да белсенді жұмыс атқарылуда, «Баянтау» газетінде – 14 мақала, облыстық ТЖД мен аудан әкімдігінің ресми сайттарында 39 материал жарияланды.

ТҮЙІН:

Баянауыл ауданы биылғы жылу маусымына толық дайын деуге негіз бар. Қазандықтар жөнделді, әлеуметтік нысандарда жылыту жүйесі жұмыс істеп тұр. Ең бастысы – аудан басшылығы тұрғындардың жылусыз қалмауын қамтамасыз етуге бар күшін салып отыр. Қыс – сынақтың кезеңі. Дайындығы мығым жұртшылық қыстың қаһарына қарсы тұра алады.

Мерейім ҚАЙРАТ

ӘЛЕУМЕТ

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАСЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІС

2025 жылғы 7 қарашадағы Үкімет қаулысымен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын жүзеге асыру қағидаларына өзгерістер енгізілді. Атап айтқанда, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу кезінде қызметкердің Салық кодексінде көзделген барлық айлық табыстары ескерілетіні нақтыланды. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу кезінде келесі төлем түрлері ескерілмейді:

- Салық кодексінің 365-бабында көрсетілген (жеке тұлғаның табысы болып саналмайтын) төлемдер;
- Табыс көзі болып табылатын тұлғаның салық салынатын табысын азайтатын төлемдер.

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуге арналған шығындар агенттің еңбекақы қорының құрамына кіреді. Жалпы, түзетулер мына бағыттарда енгізілді:

- Бірыңғайжинақтаушызейнетақы қорына (БЖЗҚ) аударылмайтын және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ), сондай-ақ жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) есептелмейтін төлемдер мен табыстарды анықтау;

- Интернет-платформалар мен мобильді қосымшалар арқылы қызмет көрсететін немесе жұмыс атқаратын жеке тұлғалар үшін платформалық жұмыспен қамтудың интернет-платформасы операторының міндетті зейнетақы жарналарын төлеу агенті ретінде белгіленуі;

- Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнайы салық режимін (АСР) қолданатын тұлға ұғымының енгізілуі;

- Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін АСР қолдану кезінде міндетті зейнетақы жарналарының есептеу объектісін, мөлшерлемесін және төлеу мерзімін айқындау;

- Міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) мен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) бойынша берешек сомасы 6 айлық есептік көрсеткіштен (АЕК) асқан жағдайда, мемлекеттік кірістер органының қарыз туралы хабарлама жіберу және шара қолдану тәртібін белгілеу.

Құжатта көрсетілгендей, міндетті зейнетақы жарналары мен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша 6 АЕК-тен астам берешек өтелмеген жағдайда, агент қызметкерлер тізімін мемлекеттік кірістер органына хабарлама табыс етілген күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде ұсынуы тиіс. Мемлекеттік кірістер органы берешек 6 АЕК-тен асқан күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешек сомасы туралы хабарламаны агентке жолдайды, ол кейіннен Мемлекеттік корпорация арқылы БЖЗҚ-ға аударылады. Хабарлама агентке қолхатпен жеке табысталады немесе жіберілген және алынғанын растайтын тәсілдердің бірімен жолданады.

Egemen.kz сайты



АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КҮНІНЕ ОРАЙ



1942 жылдың қоңыр күзі еді. Елімізде алапат соғыстың кесірінен талай боздақ опат болды. Қызғалдақтай құлпырып бой жетіп келе жатқан әжем қайғының қаншалықты ауыр екендігін ет жүрегімен сезінді. Жетімдіктің запыранын жұтты. Әкесінің туысының үйін паналаған әжем аш-жалаңаш жүріп сол үйдің отымен кіріп күлімен шықты. Жеңгесі ауру. Топан колхозында жылқы көп еді. Жетім қыздың жайы белгілі. Ешкім оны жассың деген жоқ, колхоздың ауыр жұмыстарына жегілді. Жастайынан атқа мініп өскен қыз жылқы бақсам қайтеді деп колхоз басқармасына барады. Соғыстан мүгедек болып оралған басқарма кішкентай ғана қара қызға сенбесе де амалсыздан келісті. Өйткені адам күші жетіспейді. Қадыр есімді 15-16 жастағы баламен екеуі ұшы-қиырына көз жетпейтін Құлындының кең даласында жаздың аптабына күйіп, қақаған қыстың аязына бүрсендеп тоңып, мың жарым жылқымен бірге жусап, бірге өрді. Ал, қыста тіпті қиын. Абылайшалап өздерінше шағын қос тігетін. Кәдімгі киіз үйдің үш керегесін құрсаулап біріктіріп, үстінен киізбен жауып, шаңырақтың орнындай алақандай тесіктен түтін шығарып. Жоқтан бар жасайтын. Әжемнің айтуына қарағанда қысы-жазы ет үзілмейді. Қымыз ішеді. Сықпа құрт-

Соғыс жылдары 16 жасынан колхоздың жылқысын баққан әжемнің қайраты жайлы естелік. Менің нағашы әжем Сақыпжамал – тыл ардагері. Өмірден өткеніне 30 жылдай уақыт өтсе де нағашы әжемнің айтқан әңгімелері жадымда жатталып қалды. Неге екені белгісіз, ол кісінің атқа мініп жылқы баққаны жайлы әңгімесі ерекше әсер ететін. Осынашама уақыт өтсе де жас кезімде естіген әңгімені ұмыта алмай, есіме алып кейде балаларыма мақтаныш етіп айтып отырамын. Соңғы кездері «Неге әжем туралы газетке естелік ретінде жазбасқа?» деген ойдың шырмауында болғаным рас. Өйткені менің әжем, әр мінезді әжемнің қажыр-қайраты керемет еді.

ӘЙЕЛ АТҚА ЕР САЛСА...

ты талғажау етіп күн көреді. Сөйтіп жүріп 1944 жылы 100 биеден 100 құлын алып әжем қасындағы серігімен айды аспанға шығарған ғой. Сыйлыққа жеті тай алады. Ал, еңбек күні дегенді колхоз есептегенімен, әжем білмейтін. Хат танымайтын қыздың ештеңемен жұмысы жоқ еді. Алдындағы жылқысына ие. Ауыр бейнетке иығын тосуды ғана білген. Сол жылғы туысы еңбек озаты ретінде Мәскеу қаласында өткен Бүкілодақтық халық шаруашылығы көрмесіне қатысып атаққа бөленді. Жылқыға ара-тұра ғана келетін, аудан басшыларын күтуден қолы тимейтін туысқанының көрген құрметі бұлардың бейнетінің жемісі еді.

Әжеміз жаз айларында бие де сауған. Айналдырған 4-5 әйел 40-50 бие сауады екен. Әрі сауып, әрі саба-саба қымызды баптап кәдеге жаратады. Қымыздың дәмі бұзылса туысқаны келіп қаһарын төгетін. Желідегі әр құлынның ноқтасы өз алдына жеке-жеке. Оларды ешқашан ауыстыруға болмайды. Әр биенің өз орны бар. Сөйтіп жүргенде келесі жылы әжемнің бағымындағы биелер жақсы құлындады.

– Ол уақытта техника деген жоқ. Құлындының даласы шалғынға бөгіп тұратын. Жайылымды жиі ауыстыратынбыз. Сонау Байғамұттың даласына дейін шығамыз. Орын ауыстыру оңай. Сол кездегі шөптің шүйгіні керемет еді. Жерді әдейі өртейміз. Өйткені өртенген қара жерден жоңышқа өседі. Жоңышқа дегенің жылқының жеңсік асы ғой шіркін! Жоңышқаға жайылған

жылқыға қазы байланады. Ал, қазылы жылқы қыста қыңқ демейді, дейтін әжемнің тарам-тарам әжім шимайлаған жүзі жадырап.

Әжемнің мына бір әңгімесі есімде қалыпты. 1943 жылы ма әлде 1944 жылдары ма екен, күз айында әскерге жылқы алатын болған екен. Кәдімгі қызыл әскерге көлік ретінде. Әлде майдандағылар зеңбіректерін сүйретті ме кім білсін... Арнайы комиссия келіп мыңғырған жылқының ішінен жіліктің, шоқтығы биігің, жаясы жалпағын таңдап талғап, сұрыптап алады. Әжемнің жақсы көретін жүйрік қарагер биесін де алып кеткен. Қарагер бие – әжемнің сүйікті, ақылды аты болыпты. Өйткені, алдындағы мың жарым жылқыға ие болу үшін астындағы аты жүйрік болуы керек. Содан Златополь селосындағы станцияға әкеліп, төбесі ашық, жайдақ вагондарға әскерге алынған аттарды әжем өзі тиескен. Жүк поезы ысылдап, пысылдап орнынан енді қозғала бергенде, жарықтық қарагер бие құлын дауысы шырқырап кісінеген. Содан соң сәл артқа шегінген. Құлындының даласында желмен жарысқан, тегі, тұқымы асыл қарагер бие адырнадан атылған жебедей суылдап, вагон қорасының көлденең жақтау ағашынан бір-ақ секірген. Содан азан-қазан болған вокзал басындағы қарақұрым жұмысшыларға қарасын да көрсетпей көзден ғайып болған. Әжем мен жылқышы серігі Қадыр екеуі елге жеткенше уайымдаған. Ол уақытта заң қатал. Биені әдейілеп қашырдыңдар деп істі болуы да мүмкін еді. Екінші жағынан өзем қарагер биеге ерекше бауыр басып қалғаны сонша

оны қимайды. Топан колхозының жайлауында жатқан жылқыға әжем Қадыр екеуі шаршап-шалдығып жетсе, сүмектей болып терге малшынған қарагер бие солықтап тұр екен. Сонда әжемнің айтқаны, қарашы түйсіксіз жылқы болса да балдай тәтті шөбін жеген, тұнық суын ішкен жайлауың, бауыр басқан үйірің қимаған ғой. Әлде қолына тәтті-мәттісін алып беріп жегізетін әжемді қимады ма екен. Әйтеуір жануар болса да түйсік сезімі болғаны-ау. Сөйтіп, әжемнің сүйікті қарагер биесі қан майданнан аман қалады.

«Жылқыны да жылқы тәрізді қайратты адам ғана бағады», дейтін әжем ақ жаулығын жайымен сипалап отырып. Марқұм әжем 1942 жылдан 1947 жылға Ресейдің қиян түкпірінде орналасқан Топан колхозында жылқы баққан. Бүгінде сол Топан селосының орны да қалмаған. Бәрі жермен-жексен болып кеткен. Ешқандай мақтау, марапат алмаған қайран әжем не деген мықты еді?! Өле-өлгенше бұрынғының жылқысын мақтап өтті. Жаның жәннатта болсын, асыл әжем. Жылқышы әжем. Соғыс жылдары күні-түні аттың үстінен түспей жылқы баққан, 100 биеден 100 құлын алған батыр әжем жүздеген батыр аналардың символы іспетті. 95 жасында мәңгі ұйқыға кеткен әжем өле-өлгенше қолынан Құранын тастамай, намазын қаза қылмай тап-таза күйінде ауырмай-сырқамай кете барды. Менің асыл әжем, ғасыр әжем...

Бағзад Смаилова

МАЛДЫҢ ЖАЙЫН БАҚҚАН БІЛЕР...

Мал шаруашылығы саласында табысты еңбек етіп жүрген іскер азаматтар аз емес. Өздерінің жеке басын күйттемей, туған ауылын ажарландыруға лайықты үлесін қосып жүрген жастар әрбір елді мекенде баршылық. Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай Торайғыр ауылдық мәдениет үйінде малшы жастармен кездесу кеші өткізілді. Кітапханашы Алмагүл Қожабергенова ауыл шаруашылығы саласында еңбек етіп жүрген жастарды ортаға шақыра отырып дөңгелек үстел барысында мағыналы сұқбат жүргізді. Кездесуге арнайы келген шаруа қожалығының төрағалары Жәнібек Ибашев, Бекзат Тілеубаев, Аян Оразбек жас та болса шаруаның жай-жапсарын білетін азаматтар екенін дөңгелек үстел басында таныта білді. Жастайынан мал бағып, шаруаның ретін білетін жастардың туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілік сезімдерін паш ететін кездесу барысында келелі әңгімелер айтылды. Жастарды отаншылдыққа баулитын мағыналы кеш барысында сұрақ-жауапқа құрылған ойын тренинг ұйымдастырылды.

– Осыдан 25 жыл бұрын «Болашақ» шаруа қожалығын ашып, мал өсіру ісімен айналысып келемін. Табиғаты ерекше Торайғырдың тау-тасы тұнған тарих қой. «Сары қымыз сапырып, тамсандырған ауылым» демекші, ауылыма жететін ештеңе жоқ. Өз жерімізде малымызды өсіріп, ел экономикасының дамуына лайықты үлесімді қосып келемін, - дейді Жәнібек Ибашев өз сөзінде.

– Шаруа адамы – елдің құты. Жалқаулыққа бой алдырмай адал еңбек ету керек. Маңдай терімізбен тапқан бақ-дәулет қашанда берекелі болмақ. «Малдың жайын баққан білер» демекші, жастарға айтарым мал бағу оңай жұмыс емес. Ауылда жұмыс табылады. Берекені көзі – ауылда, ауыл шаруашылығында. Әркім өз несібесі үшін мал бағу ісін дамытып, қиындыққа шыдай білсе ғана мақсатына жетеді, - деп Бекзат Тілеубаев өз ойын ортаға салды.

Аян Оразбек – ең жас шаруа қожалығының иесі. Жас болса да шаруаның жайын жетік білетін малшы жігіттің де айтары аз болмады. Әкесінің салып кеткен сара жолын

жалғастырып отырған Аян Жаңабайұлы мал шаруашылығында еңбек етіп келе жатқанына небәрі бес жыл болғанын тілге тиек етті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, мал шаруашылығында қажырлы еңбек етіп жүрген еңбек адамдарының қадіріне жететін қоғам қалыптасып келеді. Қоғам дамуы мен ел дәулетінің айнасы – мал бағып отырған еңбек адамдары, жаңашыл жастар. Ауыл шаруашылығы мамандарын құрметтейтін әрі сыйлайтын қоғамның келешегі де зор болмақ. Адал еңбектерінің арқасында жарқын жетістіктерге жетіп отырған Аян Оразбек, Бекзат Тілеубаев, Жәнібек Ибашев сынды жастар еліміздің дамуына зор үлестерін қосып келеді.

Торайғыр ауылдық кітапхана мен мәдениет үйі бірлесіп өткізген малшы жастармен кездесу кеші барысында жастарға арнайы сый-сияпат жасалды. Кәсіби мерекеге арналған кеш өте қызықты мағыналы өтті.

Бағзад Нұртайқызы,
жергілікті тілші,
Торайғыр ауылы

МЕРЕЙЛІ ЖАС

Әдемі қартаюдың жарасымды үлгісін көрсетіп келе жатқан әзиз ана, білім беру саласының ардагері, қоғам белсендісі, он қолынан өнері тамған ісмер, «Сырласу» этнографиялық ансамблінің белді мүшесі әрі жетекшісі – Бақытжан Темірғалиқызы Әлібекова. Ол еліне қажырлы еңбегімен танымал. Мағыналы ғұмыр кешіп, еліміздің өркендеуі жолында зор үлесін қосқан, ұлағатты ұрпақ оқытып тәрбиелеген қадірменді ұстаз. Майқайың ғана емес, Баянаула өңірі құрмет тұтар абзал жан Бақытжан Темірғалиқызы таяуда 75 жастың белесіне шығады. Мерейлі жас иесімен сұқбаттасып қайтқан едік. «Сырлы аяқтың сыры кетсе де сыны кетпейді» демекші, 75 жасқа алқынбай жеткен Бақытжан Темірғалиқызы бізбен ашық-жарқын әңгімелесе отырып, өзі жайлы былай деп бастады:

ӨНЕРМЕН ӨРІЛГЕН МІР



– Туған күніме орай құттықтай келіп, «Баянтау» газетіне мақала жазсам деген ниетіңе көп рахмет, жаным. Міне, көріп отырсың, менде бос уақыт деген мүлде жоқ. Зейнеткермін деп қол қусырып қарап отырмай қоғамдық жұмыстардың бел ортасында жүрмін. Мектеп оқушыларымен кездесу, концертке дайындық, арасында ісмерлікпен айналысамын. Үй шаруасы да бар дегендей. Мен Жаңатілек ауылында дүниеге келдім. Әкем Темірғали Ысқақов ауыл-аймағына әйгілі қол-өнер шебері зергер-ұста болған еңбекқор адам еді. Ол кісінің қолынан шыққан зергерлік күміс әшекейлер, шаруашылыққа арналған тұрмыстық бұйымдар жергілікті халықтың сұранысына ие болатын. Анам Қайкен ісмер, ұқсатымды жан еді. Әкем Темірғали гармонь да ойнап, анам екеуі қосылып ән шырқап, ойын-тойдың гүлі болған өнерлі жандар болды. Халық өні «Қарлығашты» анамнан үйрендім. Анам үй шаруасын атқара жүріп балаларына тәлімді тәрбие беріп, қыздарын ісмерлікке баулыды. Сіңлім Сақыпжамал екеуміз анамыздың жолын қуып қолөнермен айналысып келе жатқанымызға да ширек ғасырдан асты. Осы ісмерлік өнерім, табиғи талантым арқылы түрлі байқауларға, фестивальдерге қатысып келемін.

Бақытжан апай Жаңатілек орта білім беру мектебін тәмамдаған соң 1967 жылы Қарағанды педагогикалық институтының филология факультетіне құжаттарын тапсырды. Жоғары білімді жас қыз алғашқы еңбек жолын Жаңатілек орта мектебінде кітапханашы, пионер вожатый болып бастады. Кейін мектепте мұғалімдер жетіспегендіктен бастауыш сынып мұғалімі болып ұстаздық жолға қадам басты. 1976 жылы Бақытжан Темірғалиқызы отбасылық жағдайымен Майқайың кентіне қоныс аударды. Мұнда Бақытжан «Теремок» балабақшасында тәрбиеші-әдіскер ретінде еңбек етті. Балабақша меңгерушісі Мария Землянская өзінің бай іс-тәжірибесін Бақытжан апайға үйрете отырып, өнерге қадам басуына да ықпал еткен. Мария Землянская «Славяночка» вокал тобының белді әншісі болған. 1994 жылдары мектеп директоры Алма Маралбаеваның арнайы шақыртуымен Майқайың қазақ орта мектебінде ұстаздық жолын бастады. 2000 жылы мектеп директорының оқу ісі жөніндегі

орынбасары ретінде қосымша жұмысты қолға алған Бақытжан Темірғалиқызы шәкірттердің сапалы білім алуларына ерекше ден қоя отырып, жаңа технологиялық-инновациялық бағдарламалар бойынша мектеп ұжымын жақсы жетістіктерге қол жеткізуге өз үлесін қоса білді. Шәкірттерін терең білім нәрімен сусындата отырып, ұлттық құндылықтарымызды жетік білулеріне барынша көңіл бөлген Бақытжан Темірғалиқызы түрлі үйірмелердің жұмыстарына да ұйытқы болды. Сол жылдары №1 Майқайың қазақ орта білім беру мектебінде 1040 оқушыға 90-нан астам мұғалім дәріс бергенін Бақытжан Темірғалиқызы ерекше атап өтті. Филолог ұстаз ретінде Бақытжан Темірғалиқызы қазақ ақын-жазушыларының шығармаларын шәкірттері арасында насихаттай отырып, әдебиет әлеміне қызықтыра білді. Шәкірттерін өлең жолдарын мәнерлеп оқытуға баули отырып, ұлы Абайдан бастап Мұқағали шығармаларын жатқа оқитын шәкірттерін аудандық, облыстық деңгейде өткізілетін байқауларға қатыстырып ұдайы жүлделі орындарға ие болды.

Өзінің саналы ғұмырын ғибратты жолға арнаған Бақытжан Әлібекова үшін мектеп өмірі – періштелер әлемі. Бақытжанның көңілін толқытатын тақырып: «балаға ең әуелі қажеті білім бе әлде тәрбие ме» деген сауал болатын. Соған жауап іздейтін. Ғұлама Әл-Фараби мың жыл бұрын айтқан өсиеті «тәрбиесіз білім тұл» деген сөздің салмағын ой елегінен өткізіп отырды. Бақытжан Темірғалиқызы оқу ісінің меңгерушісі ретінде ұстаздардан шәкірттерге жалаң сабақ берумен ғана шектелмеуін талап етті. Ұлағатты ұстаз 2002 жылы зейнеткерлік еңбек демалысына шықса да қол қусырып қара отырмай кент ардагерлер кеңесінің мүшесі ретінде көптеген іс-шараларға белсене атсалысты. 2004 жылы кент мәдениет үйінің жанынан ұйымдастырылған «Сырласу» атты аналар тобының белді мүшесі ретінде түрлі байқауларға қатысты. Бақытжан өзінің ісмерлік қолөнер бұйымдарын жинақтап мәдениет үйінің бір бөлмесін ұлттық нақышта безендірді. Ұлттық салт-дәстүрімізді нахаттауда зор үлесін қоса білген Бақытжан апай көркемсөз оқудың хас шебері ретінде ана тілімізді насихаттауға арналған түрлі байқауларда топ жарды. 2017 жылы облыс орталығында өткен «Ба-

балар даналығы үндейді» атты байқауда Бақытжан Темірғалиқызы «Айқаракөз» әнін әуелете шырқап, лауреат атанды. Облыстық байқауда Бақытжан апайдың «Майқайың сазы» фольклорлық ансамблінің сүйемелдеуімен шырқалған әні көрермендердің қошеметіне ие болды. 2020 жылы Бақытжан Темірғалиқызы Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай «Жеңіс салюты» атты ардагерлер байқауында топ жарып, «Көркемсөз оқудың шебері» аталымына ие болып арнайы дипломмен марапатталды. 2021 жылы Бақытжан апай Қазақстан Республикасының 30 жылдық мерекесіне орай аудандық және облыстық «Менің Отаным – Қазақстаным» байқауында топ жарып Бас жүлдеге ие болды. 2022 жылы ұлттық дәстүрімізді насихаттайтын «Әжемнің ертегісі» атты байқауда Бақытжан Темірғалиқызы нөмересімен қатысып бас жүлдеге ие болғанын айта кеткен жөн. Үстіміздегі жылы Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерейтойы да Бақытжан апай үшін айрықша болды. Бақытжан Әлібекова аудан ардагерлері ұжымымен бірге облыстық байқауға қатысып патриоттық өндерді шырқауда жеңімпаз атанды. Жалпы осынау байқауда облыс бойынша Баянауыл ауданының ардагерлер ұжымы жүлдегер атанғанын атап өткіміз келеді.

«Сырласу» этнографиялық ән ұжымының мүшелері Бақыт Юсупова, Нағима Байғұлова, Жаңыл Дулашова, Сұлушаш Смағұлова, Шолпан Кенжетәева, Шайда Мырзасейітова, Гүлмайда Мұқановалар Бақытжан Әлібекованың құрбылары. Осы орайда «Сырласудың» музыкалық жетекшісі, баяншы Берікбол Мүтәліптің де есімін ерекше ілтипатпен атаған жөн. Бақытжан Темірғалиқызы бастаған ән ұжымының мүшелері әжелер мектебінің де жұмысын жандандырып, жастар арасында ұмытыла бастаған ұлттық құндылықтарымызды бірнеше жылдан бері насихаттауға ерекше көңіл бөлуде. «Жақсы әйелде қыздың ибасы, еркектің қайраты бар» дейді дана халқымыз. Аналық ақ жүрегімен, жайсаң көңіл, жарқын жайдары жүзімен, парасатпайымымен майқайыңдықтардың сый-құрметіне бөленген Бақытжан Темірғалиқызын қалай мақтасақ та жарасады. Өмірін өнерімен өрнектеп жүрген Бақытжан апайда бос уақыт деген жоқ. Халқының рухани өмірінің жанашыры, көкірек көзі ояу сергек

Бақытжан апай жұбайы Болат Әлібековпен тату-тәтті ғұмыр кешіп бес бала тәрбиелеп өсірді. Бірнеше немере-жиендер және екі жиеншар сүйген бақытты әже.

Төгілген тер мен ерен еңбегінің нәтижесінде Бақытжан Әлібекованың ауданымыздың мәдениетін дамытуға қосқан жеке үлесі лайықты бағаланып, мақтау марапаттарға ие болып келеді. Бақытжан Темірғалиқызы 1988 жылы екінші дәрежелі «Ана даңқы», 1990 жылы «Еңбек ардагері», «Мәдениет үйіне – 60 жыл» төсбелгілерінің иегері. Биылғы жылы «Баянауыл ауданына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталды. Сондай-ақ Қарттар күні мерекесінде Бақытжан Темірғалиқызы Баянауыл аудандық ардагерлер кеңесінің арнайы «Еңбек ардагері» төсбелгісімен марапатталды. Тума таланты мен талпынысын ұштастыра білген жаны нәзік, өнер десе ішкен асын жерге қоятын Бақытжан апай әлі де болса халқына қызмет ете беретініне сеніміміз мол. Биылғы жылдың соңында жарыққа шыққалы отырған «Ертис-Баян өңірінің абзал аналары» атты энциклопедиялық кітабына Бақытжан Әлібекованың да есімі енгізілді. Ол мұндай құрметке лайық жан. Бақытжан Темірғалиқызы үшін әйел бақыты – бесік тербеткен ана атану. Жұбайына сүйеніп күн кешу, оған қолдау көрсете білу. Перзенттерінің жанарынан ұшқындаған қуаныш отын көріп сезінуден асқан бақыт жоқ. Қалғаны өз орнымен келе беретін, үлкен бақыттың кішкентай бөлшегі.

«Адамның көркі – өнері, талап – кісі мұраты, өнер қалмақ артында, дүниенің өшпес шырағы», деп Майлықожа атамыз айтып кеткендей, ұлттық құндылықтарымызды жастар арасында насихаттап жүрген Бақытжан Темірғалиқызы мақтауға лайық жан. Оның қолөнер ісмерлік өнері өз алдына бір тақырып. Ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырған Бақытжан Темірғалиқызы өрдайым адалдық пен тазалықты өмірлік қағидасына айналдыра білгендігімен шоқтығы биік дара жан. Ақылы мол қазына қариясы. Өнерлі, өнегелі, өрісті Бақытжан Темірғалиқызының ізгілікті іздері, ілкімді істері алдағы уақытта да жалғаса береді.

**Бағзат Нұртайқызы,
жергілікті тілші,
Майқайың кенті**



ИМАНДЫЛЫҚ

ИСЛАМДАҒЫ БАЛА ТӘРБИЕСІ

Тәрбие деген не? Ата-бабаларымыз «тәрбие тал бесіктен» деп әу бастан-ақ баса назар аударған. Бұл жерде «бесіктен» дегені бала кезінен емес, құрсаққа біткен сәттен басталатындығын байқай аламыз. Бала ананың құрсағына біткен сәттен бастап тәрбие берілуі тиіс. «Өзін тәрбиелей білмеген, өзгеге өнеге көрсете алмайды», - деп бекер айтпаған Абай Құнанбайұлы.

Шариғатта ата-ананың балаларының алдындағы және балалардың ата-аналары алдындағы міндеттері бар. Баланың жастайынан дұрыс тәлім-тәрбие алуына дініміз ерекше маңыз береді. Себебі, бүгінгі жас елдің ертеңгі болашағы, үкілеген үміті. Ізгі тәрбие және тәрбиенің кемелдігі неден басталмақ? Бұл ең әуелі баланың өз ата-анасын сыйлауы, иманды болып өсуі, жанашыр, адал, еңбекқор, кішіпейілділік секілді ізгі қасиеттерді бойға сіңіруі. Есейгенде қоғамға пайдалы азамат болуы. Демек жас кезінен есірткі, сыра, арақ, темекі, ұрлық, зорлық-зомбылық секілді теріс қылықтарға үйір болмауы, ешкімнің ала жібін аттамауы. Әдепті болу, қай кезде де текті тәрбиенің жемісін көрсету деген сөз. Міне, мұндай ұрпақ – Абайша айтсақ, ата-ананың көз қуанышы, қызығы мен сүйініші.

Пайғамбар (с.а.с.) «Әкесінің баласына жасаған жақсылықтарының ең бағалысы – жақсы тәрбие» деген. Яғни, баланы тәрбиелеу ата-анаға жүктелген үлкен жауапкершілік. Балам жақсы болмасын дейтін ата-ана жоқ, бірақ сол «жақсы бала» тәрбиелеп шығару көп ата-ананың қолынан келе бермейді. Баланы дәстүрді дәріптеп, Пайғамбардың сүннетімен тәрбиелейтіндер аз. Абай атамиз бекер айтпаған «Адам ата-анадан туғанда есті болып тұмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады» деп. Білімді ұрпақты тәрбиелеу қазір де үлкен жауапкершілік десек қателеспейтініміз анық.

Сонымен, бала тәрбиесінің басты ұстанымдарын былайша бөлуге болады:

1. Жаңа туылған нәрестеге мейлінше сүйіспеншілікпен, мейірім-шапағатпен, ыстық ықыласпен қарау керек. Алғашқы кезеңде мұның барлығын оның анасы береді. Алайда мейірімнің өзі мөлшерімен берілуі тиіс. Шектен тыс өбектеу, еркелету нәрестенің өзімшіл болып өсуіне әкеліп соқтырады.

2. Өзін-өзі ұстай білу, сабырлылық сезімін қалыптастыру. Қалауын орындату талабы нәрестенің бойында алғашқы кезеңнің өзінде-ақ пайда болады. Бірақ оның ырқына көне беруге болмайды. Анасы оның еріксіз дәрет жіберіп қоюына, жылауына, қайта-қайта тамақ сұрауына шектеу қойып, ұстамдылық қалыптастыруы тиіс. Өсе келе оған әңгімелесу мен үлкендермен қарым-қатынаста ұстамды, әдепті болуға үйрету керек. Бала өзінің қалауының шектелуінің нақты, шынайы

негізінен хабардар болуы қажет.

3. Әсіресе, балаға жалған сөйлемеген жөн. Қандай жағдайда да ата-ананың баласына өтірік айтпауы қажет. Бұл туралы мынадай хадис бар. Абдулла ибн Амир былай дейді: «Бір күні үйімізде Алланың елшісі (с.а.с.) отырғанда анам: «Бері кел, бірдеңе беремін», – деп мені шақырып алды. Сонда Алланың елшісі (с.а.с.): «Оған не бермекші едің?» - деп сұрады. Анам: «Бір түйір құрма бермекші едім», – деді. Сонда Алланың елшісі (с.а.с.): «Егер ештеңе бермегеніңде саған бір өтірік жазылар еді», - деді. (Әбу Дәуіт риуаяты).

4. Ата-ананың жақсы үлгі болуы. Алғашқы кезеңде нәресте айналасындағы адамдарға еліктейді. Ал 5-7 жастан бастап жаман мен жақсыны ұғына бастайды. Осы уақытта оған жақсы достар керек. «Ұлың өссе, ұлы жақсымен көрші бол, қызың өссе, қызы жақсымен көрші бол» деп қазақ тегін айтпаған.

5. Жақсы білім беру. Жалпы бала тәрбиесінде ислам дінінің қайнар бұлақтары – Құран мен пайғамбардың (с.а.с.) сүннетіне сүйену керек. Осы негіз бойынша Жаратушының алдында жанұя үшін әкесінің жауапкершілігі үлкен екендігін айта кеткен жөн.

Алланың елшісі (с.а.с.) былай деп өсиет еткен: «Адам өлгенде оның үш нәрсесінен – тоқтаусыз садақасы (мысалы, құдық, көпір, медресе) немесе пайда келтіретін білімі (таратқан білімі) немесе артынан дұға қылатын игі жақсы баласынан басқа барлық амалы тоқтайды». Егер ата-ана нағыз шынайы мұсылман етіп тәрбиелей алса, олардың баласы Қияметте жәннат қақпасының алдында отырып: «Әке-шешем кірмесе мен де кірмеймін», деп отырады. Ізгі ұрпақ тәрбиелегені үшін ата-анаға осы дүниеде де, ақыретте де үлкен құрмет, шексіз қошемет бар. Бірде қажылық кезінде бір әйел Пайғамбарға (с.а.с.) қолындағы нәрестесін көтеріп: «Мынаған да қажылық жазыла ма?» – деп сұрайды. Сонда Алланың елшісі (с.а.с.) оған: «Иә, ол үшін саған да үлкен сауап бар», деп жауап берген. Абай: «Біреулер құдайдан бала тілейді. Ол баланы не қылады?» дей келіп, «артымнан құран оқысын деп тілейді», дейді. «Артымнан балам құран оқысын десең, тірлікте өзіңнің жақсылық қылған кісің көп болса, кім құран оқымайды? Егер жаманшылықты көп қылған болсаң, балаңның оқыған құраны сені неге жеткізеді? Тірлікте өзіңе-өзің қылмаған істі өлген соң саған балаң кәсіп қылып бере ала ма?» дейді. Демек, алдымен өзің жақсы болуың керек. Сонда балаң өзі-ақ жақсы болады. Бірінші өзінді тәрбиеле. Міне, Абайдың бала тәрбиесіндегі әуелгі ұстанымы – осы. Сол үшін де «балаң жақсы болсын десең, алдымен, ата-ана, өзінді тәрбиеле» деп бекер айтпаған дана бабам.

**Сұлтанбек Мәдеш,
Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы
мешітінің имамы**

ЗАҢ



СОТҚА ЖҮГІНУ МЕХАНИЗМДЕРІ

Азаматтар құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында сотқа жүгінеді. Сотқа жүгіну әрбір азаматтың заң бұзылған жағдайда әділеттілікті талап етуіне, өз құқықтарын қорғауына мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының Конституциясы әрбір азаматтың заңмен қорғалатын құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге бағытталған. Конституцияның 13-бабына сәйкес, әрбір азамат өзінің құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға құқылы. Бұл қағида Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік Кодексі, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі және Қылмыстық процестік кодексінде егжей-тегжейлі реттелген. Сотқа жүгіну процесі бірнеше кезеңнен тұрады. Әрбір кезеңнің өзіндік ерекшеліктері бар және әрбір іс қаралатын сот ісінің түріне байланысты жүзеге асырылады. Азаматтар мен заңды тұлғалардың азаматтық құқықтарын қорғау мақсатында сотқа жүгіну тәртібін реттейтін жүйе азаматтық сотқа жүгіну механизмімен жүзеге асырылады.

**Ж.Диманова,
Баянауыл аудандық
сотының бас маманы**

ДӘРІС

ДИНИ ТҰРАҚТЫЛЫҚ – ҚОҒАМ БІРЛІГІНІҢ КЕПІЛІ

Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бағытындағы түсіндіру жұмыстары жалғасуда. Таяуда аудандық ақпараттық-түсіндіру тобы «Баянауыл аудандық ЭЖМ» АТАҚ ПЭС мекемесінің қызметкерлерімен кездесу өткізіп, діни тақырыптағы ақпараттық дәріс ұсынды. Іс-шараның басты мақсаты – қызметкерлердің діни сауаттылығын арттыру, радикалды көзқарастардың алдын алу және қоғамдағы бейбітшілік пен тұрақтылықтың маңызын түсіндіру болды.

Лекция барысында қатысушыларға діни экстремизм мен

терроризмнің қоғамға тигізетін зияны, оның алдын алу жолдары мен заң талаптары кеңінен түсіндірілді. Сонымен қатар, деструктивті ағымдардың белгілерін ажырату, күмәнді діни ақпарат көздерінен сақтану, интернет пен әлеуметтік желі кеңістігінде қауіпсіз мінез-құлық қалыптастыру туралы нақты мысалдар келтірілді.

Мамандар жалған діни ақпараттарға сенбеу және күмәнді топтарға қосылмаудың маңыздылығын атап өтіп, діни тұрақтылықты сақтау – әр азаматтың ортақ міндеті екендігін жеткізді. Іс-шара соңында қатысушылар өз сұрақтарын қойып, ой-пікірлерімен бөлісті.

Өз тілшімізден

ЕСКЕ АЛУ

РУХЫҢЫЗ ПЕЙШТЕ
ШАЛҚЫСЫН!

Жүйтіккен жүйріктей, аққан жұлдыздай зулап өтіп жатқан уақыт-ай... Аяулы анамыз, асыл әжеміз **Мақпуза Әбдіғалымқызының** өмірден өткеніне де 1 жылдың жүзі болыпты. Асыл ана, сіз осынау келте ғұмырыңызда өз ортаңызға нағыз өнегенің, мейірім мен сабырдың жарқын үлгісін көрсетіп, ғұмыр кештіңіз. Сіз әрқашан отбасыңыз үшін өмір сүрдіңіз, үлкенге ізет, кішіге қамқор болдыңыз. Жақсы мен жаманды айыра білуді, адалдық пен ар-ұятты үйреттіңіз. Сізді еске алу – бізге үлкен борыш, үлкен парыз. Өзіңіз өмірден өтіп кетсеңіз де жарқын бейнеңіз мәңгі есте қалады. Сіз біздің жүрегімізде мәңгі тірісіз... Сізді сағынған жақындарыңыздан, ұрпақтарыңыздан дұға үзілмейді.

Адам мәңгі жүрмейді өкен бұл

жалғанда,

Көреміз ғой тағдырдың салғанына.

Көзімізге ып-ыстық жас келеді,

Өздеріңді сағынып еске алаанда.

Анамызды Алла Тағала рақымына алсын. Жатқан жеріңіз жарық, мекеніңіз жәннаттың төрі болғай.

Анамыздың рухына бағышталатын жылдық дұға-асы 22 қараша күні сағат 12:00-де Баянауыл ауылындағы Мұса мырза мешітінде беріледі.

Еске алушылар: балалары, немерелері.

АУА РАЙЫ БОЛЖАМЫ

ҚАЗАҚСТАНДЫ -20 °С ДЕЙІНГІ
ҚАТТЫ АЯЗ БАСАДЫ

РМК «Қазгидромет» синоптиктері 2025 жылғы 13, 14 және 15 қарашаға арналған толық ауа райы болжамын ұсынды. Мамандардың хабарлауынша, алдағы үш күнде елдің басым бөлігінде өзгермелі ауа райы сақталады.

Қазақстанның көп бөлігін Атлант циклонының аңғары мен оған байланысты атмосфералық фронттар басады. «Осыған байланысты жаңбыр мен қар жаууы күтіледі. Мысалы, 13 қарашада күшті жауын-шашын елдің шығыс және оңтүстік-шығыс аймақтарында болады», деп хабарлады РГП «Қазгидромет» баспасөз қызметі. Сонымен қатар, республиканың барлық аймақтарында тұман, мұз, желдің күшеюі күтіледі, ал шығыста,

солтүстікте және орталық облыстарда төменгі қарлы боран болуы мүмкін.

Тек Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-батысында жауын-шашынсыз ауа райы сақталады.

Температура болжамы:

Солтүстікте: түнде -5...-12 °С, күндіз 0...6 °С

Солтүстік-батыста: түнде -2...-10 °С, күндіз 0...5 °С

Орталық аймақтарда: түнде -3...-13 °С, күндіз -6...+3 °С

Шығыста: түнде -8...-20 °С, күндіз 0...10 °С

«Қалған аймақтарда температура айтарлықтай өзгере қоймайды», делінген хабарламада. Бұған дейін хабарланғандай, 12 қарашада Астана мен Қазақстанның 17 облысына дауылды ескерту жарияланған.

Zakon.kz сайтынан алынды

ХАБАРЛАНДЫРУ

«IBM Gold» ЖШС «Павлодар облысының Баянауыл ауданында орналасқан №1 Майқайың байыту фабрикасының техногендік минералдық түзілімдерін әзірлеу жөніндегі операциялардың салдарын жою жоспарына қоршаған ортаны қорғау бөлімі» бойынша қоғамдық талқылаулар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жария талқылау мерзімі 10 жұмыс күні 24.11.2025 жылдан 05.12.2025 жылға дейін.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «IBM Gold» ЖШС, мекенжайы: Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Ак.Бектұров көшесі, 22, 310-кеңсе. БСН 150540015194, ibm.gold@mail.ru.

Мемлекеттік экологиялық сараптама объектісінің құжаттамасын әзірлеуші: М.В. Дробот ЖК, Астана қ., Пушкин к-сі, 15-үй, 17-пәтер. тел. +77787419151. Email: borohova2014@mail.ru.

Ескертулер мен ұсыныстар қабылданатын автоматтандырылған ақпараттық жүйеге сілтеме: <https://nbdecology.gov.kz>.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «IBM Gold» объявляет о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по «Разделу охраны окружающей среды к Плану ликвидации последствий операций по разработке техногенных минеральных образований Майкаинской обогатительной фабрики №1, расположенных в Баянаульском районе Павлодарской области».

Срок публичных обсуждений 10 рабочих дней с 24.11.2025 года по 05.12.2025 года.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «IBM Gold», адрес: Павлодарская обл. г. Павлодар, ул. Ак.Бектұрова, 22, офис 310. БИН 150540015194, ibm.gold@mail.ru.

Разработчик документации объекта государственной экологической экспертизы: ИП Дробот М.В., г. Астана, ул.Пушкина, дом 15, квартира 17. тел. +77787419151. Email: borohova2014@mail.ru.

Ссылка на автоматизированную информационную систему, где принимаются замечания и предложения: <https://nbdecology.gov.kz>.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ <https://nbdecology.gov.kz> сайтында «Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің функционалдық аймақтарға бөлу және инфрақұрылымды дамытудың бас жоспары бөлігінде техникалық-экономикалық негіздемесін түзету» жобасы бойынша қоғамдық талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Өткізу мерзімі 2025 жылғы 21 қарашадан бастап жиырма жұмыс күні.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

РГУ «Баянаульский государственный национальный природный парк» объявляет о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений на сайте <https://nbdecology.gov.kz/> по проекту «Корректировка технико-экономического обоснования Баянаульского государственного национального природного парка в части функционального зонирования и генерального плана развития инфраструктуры».

Сроки проведения двадцать рабочих дней с 21 ноября 2025 года.

«Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Нотариус нотариального округа Павлодарской области Оразбаев А.Ж., лицензия № 24020441 от 06.06.2025 года, сообщает об открытии наследства, оставшегося после смерти Ракишева Ержана Калиевича, умершего 15.08.2025 года. Тел.нотариуса 87713132882



**«Баянтау» газетінің
редакциясы ЖШС**

Директор:

Айдана Тұрғынбайқызы
АЙТУФАНОВА
8-702-179-10-87

Редакция автордың көзқарасы үшін жауап бермейді. Хаттар, қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Редакция оқырмандардан түскен барлық хаттарға тегіс жауап беруді және түгел жариялауды міндетіне алмайды. «Баянтауда» жарық көрген материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Нөмірді әзірлеу барысында интернет ресурстарынан фотосуреттер пайдаланылады. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2006 жылы 18 мамырда тіркеліп, №7250-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына 1 рет, бейсенбі күні шығады.

Таралымы: 1600 дана

Көлемі: 2 б.т.

Газет «Баянтау» газетінің редакциясында теріліп, беттеліп, «Баспа үйі» ЖШС баспаханасында басылады.

Баспа мекен-жайы: Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй.

Газеттің сапасы мен уақытында шығуына баспахана жауап береді.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Павлодар облысы, Баянауыл ауданы,
Баянауыл ауылы,
Сәтбаев көшесі, 49-үй,
Жұмыс тел.: 9-28-37
Эл. пошта: redaksiyabayantau@mail.ru
Instagram: @bayantau_gazeta
Facebook: Баянтау газеті

СПОРТ

НАМЫС СОҢЫ – ЖЕҢІС

Соңғы жылдары салауатты өмір салтын қалыптастыруда спорттың әр түрі бойынша жарыстар жүйелі өткізіліп келеді. Әсіресе, жас-өспірімдердің футболға деген құл-шыныстары ерекше екенін атап айтқан жөн. Таяуда Майқайың спорт көшенінде футболдан жасөспірімдер арасындағы ашық біріншілігі өткізілді. Бірлік ауылынан қатысқан оқушылар екінші орынға ие болды. Тартысты өткізілген додада жасөспірімдер өздерінің осынау спорт түріне деген құлшыныстарын білдірді. Футбол біріншілігінде қақпашы Диас Қорабаев «Үздік қақпашы» атанып марапатқа ие болды. Бірліктік жасөспірімдер Шыңғыс Бейсембай, Жомарт Лұқман, Қайсар Айдаболов, Айдын Сәкен, Нұржан Сайлау, Төлеутай Қабдуахитов футбол алаңында өздерінің тыңғылықты дайындықпен келгендерін көрсетті. Футбол

біріншілігіне жасөспірімдерді әуесқой спортшы Самат Әлімбетов бастап апарды.

– Менің қуанатыным, жасөспірімдердің футбол ойнауға деген ерекше құлшыныстары. Осынау футбол жарысына баруға жастар өздері тілектерін білдірген соң ойынға алып бардым. Нәтижесі жаман емес. Алда әлі талай спорт жарыстары бар. Спортшы балаларға тек сәттілік тілеймін. Ауыл намысын қорғап, өздерін жақсы жағынан көрсете білген балалардан зор үміт күтеміз. Балалар алтын уақыттарын планшет, смартфон қарауға емес, жаттығулармен өткізсе нәтиже де жақсы болады. Өз басым қолым босай қалса балаларды футбол ойынының қыр-сырына үйретуге асығамын, - дейді Самат Әлімбетов.

Бағзат Нұртайқызы,
жергілікті тілші



ҚУАНЫШҚА ОРТАҚПЫЗ!

11 қараша – біз үшін
ерекше күн. Олай дейтін
себебіміз, еңбегімен
ізгі мінезімен бәрімізге
үлгі болған ардақты
әріптесіміз
Жанар Маратқызы
Әубәкірова
мерейлі 60 жасқа толып
отыр.



Бұл жас – өмірдің ең бір шуақты, тәжірибеге толы белесі. Бүгін біз Жанар Маратқызының ұжымдағы еңбегін, адами қасиетін, біздің ортаға сыйлаған жылулығын ерекше ықыласпен атап өттік. Біреуге жылы сөз, біреуге қолдау, біреуге күлкі сыйлап, әр күнімізді жайдарлы етуге себеп болып жүрген жандардың бірі. Музейдің тынысын, ұжымның бірлігін сақтап жүрген осындай жанды бәріміз шын жүректен құрметтейміз!

Құрметті Жанар Маратқызы! Біздің ұжым сізге зор денсаулық, шаттық пен мол бақыт тілейді. Әр күніңіз шат күлкіге, әр жылыңыз жақсылыққа толы болсын! Музей қабырғасындағы еңбегіңіз – бәріміз үшін үлкен өнеге. Сізге деген құрметіміз бен ризашылығымыз шексіз. Алдағы күндеріңіз бен жылдарыңыз тек жақсылыққа, қуанышты жаңалықтарға толы болсын. Ұжым атынан мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Ақжарма тілек білдірушілер:
Академик Қ.Сәтбаевтың Баянауыл мемориалдық музейі,
М.Ж.Көпеев мемориалдық музейі,
С.Торайғыров мемориалдық музейі

СҮЙІНШІ!

ЖЕРЛЕСІМІЗ АСЫҚ АТУДАН АЗИЯ
ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ

«Таяуда Түркістан қаласында ересектер арасындағы асық ату спорт түрінен Азия чемпионаты өтті. Жарысқа әлемнің 12 елінен спортшылар қатысты. Аталмыш додаға Егіндібұлақ ауылының тумасы Қуаныш Қабылда қатысып, жүлделі бірінші орынды иеленді. Ол үш жыл көлемінде дайындалып, осы уақыт ішінде бірқатар ірі жетістіктерге қол жеткізген», деп жазылған pavlodarnews.kz сайтында.



– 2023 жылы шәкіртіміз Қазақстан Республикасының күміс жүлдегері болды. 2024 жылы ел чемпионы және Әлем кубогының жеңімпазы атанды. Биыл Қазақстан чемпионатының қола жүлдегері әрі Азия чемпионы атанып отыр, - деді аға жаттықтырушы Қалибек Қуан.

Аталған жарысқа Азия құрлығы мен оған іргелес өңірлерден келген 12 елдің ұлттық құрамалары қатысты. Олар: Қазақстан, Түркия, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Моңғолия, Ресей, Қытай, Үндістан, Пәкістан және Әзербайжан.

– Финалда ойын басында біраз толқу болды. Қарсыласқа мүмкіндік берді, бірақ соңында өз қателіктерін түзетіп, нақты ойын көрсетті. Мінезі

байсалды, сабырлы, алайда ойын кезінде ерекше жігер танытты, - дейді бапкер.

Бапкердің сөзінше, асық ату ойынында 15 асық тігіп ойналады, әр ойын 10 минутқа созылады. Кім сегіз асықты бұрын атып түсірсе, сол жеңімпаз деп танылады.

– Қазіргі таңда асық ату ойынына қатысатын ер балалар көбейіп жатыр. Оларды мен бес жасынан бастап дайындап, жеті жасынан жарыстарға қатыстыра бастаймын. Қазіргі таңда мен 100-ден астам шәкірт тәрбиелеудемін, - деді Қалибек Қуан.

Қалибек Қуанның айтуынша, қазіргі уақытта спортшы желтоқсан айының басында Ақтөбе қаласында өтетін Әлем кубогына дайындалып жатыр.

Өз тілшімізден